

ҚОСШЫ - ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕ

ӨНІР БАСШЫСЫ ҚАЛАДАҒЫ НЕГІЗГІ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Фотосурет: t.me/Aqmola_region

Қазір Қосшы қаласында денсаулық сақтау, білім беру, жылумен, газбен және электр энергиясымен қамту, жол инфрақұрылымын жаңғырту бағытында ауқымды жобалар кезең-кезеңімен іске асырылып келеді. Таяуда осы жұмыстармен Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жұмыс сапары аясында арнайы танысып, негізгі нысандарды аралады.

Айта кетсек, Қосшыдағы ең ірі әлеуметтік жобалардың бірі – «VIAMEDIS» ЖШС салып жатқан көпсалалы аурухана кешені. Жоба толық іске қосылған кезде медициналық мекеме 350 төсек-орынға арналған стационармен және бір ауысымда мың адам қабылдайтын емханамен жұмыс істейтін болады. Жалпы, бұл нысан жай аурухана ғана емес, толыққанды медициналық кластер ретінде қалыптасуға тиіс. Сол үшін жоба аясында медицина қызметкерлеріне арналған екі 96 пәтерлі тұрғын үй мен пансионат салу да жоспарланған.

Құрылысы аяқталғаннан кейін ауруханада мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп күтіліп отыр. Қазір стационар құрылысының дайындық деңгейі 85 пайызға жеткен. Ғимараттың сыртқы құрылысы толық аяқталып, енді ішкі әрлеу жұмыстары жалғасып жатыр. Медициналық газбен жабдықтау жүйелері, пневмопошта және басқа да инженерлік желілер орнатылған. Сонымен қатар операциялық блок, перзентхана және жансақтау бөлімдерінде халықаралық талаптарға сай «таза бөлмелер» жүйесі жабдыкталып жатыр.

Жоспарға сәйкес, жаңа медициналық кешен



2027 жылы пайдалануға беріледі. Бұл ретте ол тек Қосшы тұрғындарының сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттырып қана қоймай, Астана қаласының денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктемені де азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қала халқының көбеюіне байланысты білім беру саласында да жаңа жобалар қолға алынған. Солардың бірі – 1500 оқушыға арналған заманауи мектеп құрылысы. Бұл жобаны еліміздегі жетекші құрылыс компанияларының бірі – ВІ Group жүзеге асырып отыр. Қазір құрылыс алаңында іргетас құю және дайындық жұмыстары жүргізіле бастаған. Білім ордасын 2027 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Жоба жетекшісі Руслан Тоқпанбаевтың айтуынша, мектептің басты ерекшелігі – бастауыш және жоғары сынып оқушыларына арналған екі жеке

блоктың қарастырылуы. Сонымен қатар мектепте екі спорт залы, кең асхана, мамандандырылған зертханалар, шеберханалар, кітапхана және акт залы орналасады. Мектеп аумағына футбол алаңы, көпфункционалдық спорт алаңдары, балалардың ойын аймақтары және автотұрақ та салынады.

Заманауи талаптарға сәйкес жобаланған бұл білім ордасы Қосшыдағы мектеп орындарының тапшылығын азайтып, оқушыларға қолайлы әрі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Сондай-ақ қаладағы инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы маңызды жобалардың бірі – орталық қазандықты кеңейту. Қазір қазандықтың жалпы қуаты 36 Гкал болса, жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін оған қосымша 20 Гкал қосылады. Нәтижесінде қалада жылу энергиясының резерві қалыптасып, алдағы жылыту маусымдарында тұрғындарды тұрақты әрі сенімді жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі артады.

«АСИ Қазандық» ЖШС директорының орынбасары Шоқан Ибраевтың мәліметінше, мердігер ұйым №3 қазанды толық бөлшектеп, жаңа жабдықтарды орнатуға арналған негізді дайындау жұмыстарын бастап кеткен. Сонымен бірге жылу желілерін жаңарту жұмыстары да қатар жүргізіліп жатыр. «Алтын Дала» тұрғын үй кешенінен Яссауи көшесіне дейінгі ұзындығы 1 911 метр болатын желінің бүгінде 1 700 метрі жөнделген.

Өңір басшысы жауапты өкілдерге барлық жұмыстың өндірістік кестеге сәйкес әрі жоғары сапада орындалуын тапсырды. Оның айтуынша, тұрғындарды тұрақты жылумен қамту мәселесі ерекше бақылауда болады.

Бүгінде Қосшыдағы көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары да қарқынын бәсеңдеткен жоқ. Қазір қаланың негізгі магистральдарының бірі саналатын Республика көшесіне орташа жөндеу жүргізіліп жатыр. Жоба аясында ұзындығы

6,1 шақырым болатын жол толық жаңартылады. Мұнда екі қабатты асфальтбетон жабыны төселіп, көше жарығы ішінара жаңартылады, жиектастар ауыстырылып, тротуарлар жөнделеді. Жөндеу жұмыстары бір ай ішінде аяқталады деп жоспарланған.

Облыс әкімі су қабылдау құдықтарының жөндеу сапасын да арнайы тексерді. Бұған дейін жүргізілген жұмыстар кезінде анықталған 98 су қабылдау құдығы қалпына келтіріліп, олардың қақпақтары ауыстырылған. Бұл қар және жаңбыр суын бұру жүйесінің тиімділігін арттырып, жол қозғалысының қауіпсіздігін күшейтеді.

Жұмыс сапарында Марат Ахметжановқа Қосшы қаласының электр және газбен жабдықтау жүйелерін дамытуға арналған жаңа жобалар да таныстырылды. Қазір газдандыру жұмыстары белгіленген жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр. Нәтижесінде Қосшы өзінің бес жылдық мерейтойын толық газдандырылған қала ретінде қарсы алмақ.

Қосшыдағы ұзақ жылдар бойы өзекті мәселелердің бірі болған «Diamond Park» тұрғын үй кешенінің үлескерлері үшін де оң өзгерістер байқалды. Құрылысы бірнеше жылға созылып кеткен кешендегі жұмыстарды қайта жандандыру мақсатында еліміздің ірі құрылыс компанияларының бірі инвестор ретінде тартылды.

Облыс әкімі Марат Ахметжанов жұмыс сапарында барлық жобаның белгіленген мерзімде әрі сапалы орындалуы басты міндет екенін атап өтті. Оның айтуынша, Қосшының қарқынды дамуы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын уақыт талабына сай әрі озық қарқынмен салуды қажет етеді. Сондықтан құрылыс сапасы, инженерлік жүйелердің сенімділігі және тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қажетті барлық жағдай жасау алдағы уақытта да өңір басшылығының ерекше бақылауында болады.

Ерік ЕЛЕУСІЗ



**«Сапа Су» ЖШС:
сапа, сенім, инновацияға
негізделген отандық өндіріс**

Қазақстанның құрылыс индустриясында отандық өндірістің маңызы жылдан-жылға артып келеді. Инженерлік инфрақұрылымдарды жаңғырту, заманауи құрылыс материалдарын өндіру және импортты алмастыру бағытындағы жұмыстарда қазақстандық кәсіпорындардың үлесі ерекше. Солардың қатарында темірбетон бұйымдарын өндіру саласында өзіндік орны бар «Сапа Су» ЖШС бүгінде сапалы өнім шығаратын, инновацияны өндірісіне енгізген және халықаралық нарыққа шыққан кәсіпорындардың бірі ретінде танылып отыр.

Орталық сайлау комиссиясының ҮНДЕУІ

Құрметті сайлаушы!
2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасының тарихында тұңғыш рет Құрылтай депутаттарын сайлау өтеді.

Сіздерді еліміздің одан әрі дамуындағы жаңа кезеңді белгілейтін тарихи оқиғаның қатысушысы бола отырып, азаматтық жауапкершілік танытуға және конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз.

Сіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруыңыздың кепілі – Сіздің Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқылы сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз.

Сайлаушылардың тізімдерін жергілікті атқарушы органдар Сіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша тиісті сайлау учаскесінің аумағында тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген өтініші негізінде тұрақты тіркелген жері бойынша тізімнен шығарыла отырып, енгізіледі.

Сайлау учаскелерінің шекаралары және учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жерлері туралы мәліметтерді тиісті әкімдер 2026 жылғы 16 шілдеге дейін жариялайтын болады.

Сіз өзіңіздің тіркелген жеріңіз бойынша жергілікті атқарушы органға жүгініп, өзіңіздің сайлау учаскенізді және тізімге енгізілгеніңізді тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

Сізге ыңғайлы болу үшін жазғы демалыс факторын ескере отырып, Сіздің есептен шығару куәлігін алу және өз елді мекеніңізден тыс жерде дауыс беру мүмкіндігіңіз бар.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап өзіңіздің сайлау учаскенізде Сізге Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқығы бар сайлаушылардың тізіміндегі өзіңіз туралы мәліметтерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Өзгерістер енгізу немесе нақтылау қажет болған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясына өтінішпен жүгінуге құқылысыз.

Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы ХАБАРЛАМА

«2026 жылғы 23 тамызға Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына және «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/41 қаулысына сәйкес, Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлаймыз.

46, Қосшы қаласы әкімдігінің шаруашылық басқармасының ғимараты, 2 қабат, тел.: 8 (71651) 79-1-08

Комиссия төрағасы – Баталов Болат Сәбитұлы; **төрағаның орынбасары** – Әлібекова Миркен Төреғалиқызы; **хатшы** – Елубай Ерболат Мағжанұлы; **комиссия мүшелері**: Борашева Әлия Қалхаманқызы, Ержанова Сәруар Қасымқызы, Поспелова Наталья Александровна, Сүлейменов Нұрбек Мұратұлы.

Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының жұмыс кестесі: күн сайын демалыссыз сағат таңғы 9.00 кешкі сағат 18.00 дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.

Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясы	Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қосшы қ., Республика к-сі,	

БЕКТЕМІН: «Bastau Media» ЖШС директоры Бауыржан Қарағызұлы
«__» _____ 2026 ж.

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау қарсаңында кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын республика аумағында «Bastau Media» ЖШС-іне қарасты медиада («Jana Bastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газеті, janabastau.kz, сайты және Instagram@janabastau.kz, Facebook.com/Janabastau.kz, Telegram-да: @jana_bastau,) жариялаудың

ПРАЙС-ПАРАҚШАСЫ

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау қарсаңында кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын республика аумағында «Bastau Media» ЖШС-іне қарасты «Jana Bastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газетінде жариялау құны

Газет бетінің нөмірі	1 ш.см. құны
Бірінші түрлі-түсті бет (200 ш.см. кем емес)	500 тг.
Жаңалық беттері, 2-3 беттер	400 тг.
Ақпарат беттері, 4-10 беттер	400 тг.
Жарнама беті 11 бет	500 тг.
Соңғы түрлі-түсті бет 12 бет	500 тг.

janabastau.kz сайты сайлауалды үгіт материалдарын жариялау құны	
Сайттағы материалдарға	1 символ бағасы
Сайттың барлық беттерінде	25тг.

janabastau.kz сайтында сайлауалды үгіт материалдарын жариялау	
--	--

Баннер	720x90 пиксель	Сайт маңдайшасы (барлық беттерде, ротацияда 3 баннер)	Аптасына 75 000 теңге
Баннер	720x90 пиксель	«Жаңалықтар/Новости» қатарының үсті немесе сайттың астыңғы қатарында (тек бас бетте, ротацияда жок)	Аптасына 50 000 теңге
Баннер	300x250 пиксель	Сайттың қапталында (барлық беттерде, ротацияда)	Аптасына 50 000 теңге
PR-мақала	18 000 таңба + 5 сурет	«Қоғам/Общество» бөлімінде, «Компания ақпараты/Новости компании» бөліміне бекітіп қою, жаңалықтар келіп түсу ретімен	160 000 теңге

Тапсырыс берушінің дайын өнімін әлеуметтік желілерде жариялау			
Instagram	(Post)	1 пост жариялау қызметіне көрсетілген сома	50 000 теңге
Facebook	(Post)	1 пост жариялау қызметіне көрсетілген сома	50 000 теңге
Telegram	(Post)	1 пост жариялау қызметіне көрсетілген сома	50 000 теңге

Газет бетінде, сайтта орналастыру (беттен орын таңдау, бәсекелестердің болмауы) өнім құнына үстемесі +25%.
ҚР жарнама агенттіктеріне 25% қосымша үстемеақы
Редакция мекенжайы: Қосшы қаласы, Жамбыл Жабаев, 24а : Байланыс телефоны: тел.: +7 (701) 709-88-82
Эл.пошта: janabastau2022@gmail.com

ОБРАЩЕНИЕ Центральной избирательной комиссии

Уважаемый избиратель!
23 августа 2026 года впервые в истории Республики Казахстан состоятся выборы депутатов Курултая. Призываем Вас проявить гражданскую ответственность и реализовать свое конституционное право, став участником исторического события, которое ознаменует новую веху в дальнейшем развитии нашей страны.

Гарантией реализации Вашего конституционного права на участие в выборах является включение Вас в списки избирателей, имеющих право участвовать в выборах депутатов Курултая.

Списки избирателей составляют местными исполнительными органами на основании Вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории соответствующего избирательного участка. Граждане, имеющие временную регистрацию, включаются в списки избирателей на основании поданного заявления в местный исполнительный орган с исключением из списка по месту постоянной регистрации.

Сведения о границах избирательных участков и местах нахождения участковых избирательных комиссий будут опубликованы соответствующими акимами до 16 июля 2026 года.

Узнать свой избирательный участок и проверить включение в список Вы можете, обратившись в местный исполнительный орган по месту Вашей регистрации. В случае отсутствия в списке, Вы вправе подать соответствующее заявление в акимат.

Для Вашего удобства, с учетом фактора летних отпусков, у Вас есть возможность получить открепительное удостоверение и проголосовать за пределами своего населенного пункта.

С 7 августа 2026 года на Вашем избирательном участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей, имеющих право участвовать в выборах депутатов Курултая. При необходимости внесения изменений или уточнений Вы вправе обратиться с заявлением в участковую избирательную комиссию.

СООБЩЕНИЕ о составе и месте нахождения территориальной избирательной комиссии города Косшы и времени его работы

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 01 июля 2026 года №1338 «О назначении выборов в Курултай Республики Казахстан», постановлением Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 01 июля 2026 года №26/41 «Об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов депутатов Курултая Республики Казахстан, назначенных на 23 августа 2026 года», сообщаем о составе и месте нахождения территориальной избирательной комиссии города Косшы и времени его работы

ка, 46, здание хозяйственного управления акимата города Косшы, 2 этаж, кабинет №9, тел.: 8 (71651) 7-91-08.

Председатель комиссии – Баталов Булат Сабитович; **заместитель председателя** - Алибекова Миркен Турегалиевна; **секретарь** – Елубай Ерболат Мағжанұлы; **члены комиссии**: Борашева Алия Калхамановна, Ержанова Саруар Қасымовна, Поспелова Наталья Александровна, Сулейменов Нурбек Муратович.

График работы избирательной территориальной комиссии: ежедневно без выходных с 9.00 утра до 18.00 часов вечера с перерывом на обед с 13.00 до 14.00 часов.

Косшинская территориальная избирательная комиссия	Территориальная избирательная комиссия города Косшы
Местонахождение: г. Косшы, ул. Республи-	

ЖАРНАМА

«ГарантКазСтрой» ЖШС, БСН 190940003559 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-тілектер І хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Ғабиден Мұстафин көшесі, 13/1 үй, 104 кеңсе. Тел.: 8 778 265 40 19	ТОО «ГарантКазСтрой», БИН 190940003559 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, ул.Ғабидена Мустафина, д.13/1, офис 104. Тел.: 8 778 265 40 19
---	---

«ENERGY MAN-ASTANA» ЖШС, БСН 250640031201 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-тілектер І хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 10/2-үй, 187 пәтер. Тел.: 8 700 506 93 93	ТОО «ENERGY MAN-ASTANA», БИН 250640031201 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарайшық, ул.Ахмет Байтұрсынұлы, д.10/2, кв. 187. Тел.: 8 700 506 93 93
--	---

«Kazakh billionaire» ЖШС, БСН 210540014040 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-тілектер І хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 535 көшесі, 6 үй, 43 кеңсе. Тел.: 8 701 106 13 75	ТОО «Kazakh billionaire», БИН 210540014040 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Нұра, ул.Е 535, д.6, офис 43. Тел.: 8 701 106 13 75
--	--

«МК Экстра Ломбард» ЖШС кепілге қойылып, белгіленген мерзімде сатып алынбаған мүлікті голландиялық әдіспен сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 2026 жылғы 7-10 шілде, 13-17 шілде, 20-24 шілде және 27-31 шілде аралығында, сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін өткізіледі. Өткізу орны: Астана қаласы, Керей және Жәнібек хандар көшесі, 11.	ТОО «МК Экстра Ломбард» сообщает о проведении торгов по голландскому методу невыкупленного залогового имущества, который состоится: с 07 по 10 июля 2026 г, с 13 по 17 июля 2026 г, с 20 по 24 июля 2026 г, с 27 по 31 июля 2026 г, с 10:00 до 13:00 по адресу: г. Астана, ул. Керей и Жанибек хандар 11.
---	---

«ПМК Өнеркәсіптік экрандар зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 140540019056) «CENTER SNAB» фирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (БСН 061040006071) біріктіру арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., Северная Промзона к-сі, 174-ғимарат; тел.: 7 702 870 42 44.	Товарищество с ограниченной ответственностью «Завод промышленных сит ПМК», БИН 140540019056, сообщает о своей реорганизации путем присоединения к нему Товарищества с ограниченной ответственностью фирма «ЦЕНТР СНАБ», БИН 061040006071. Претензии кредиторов принимаются в течение двух месяцев со дня публикации настоящего объявления по адресу: Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Северная промзона, строение 174, тел.: 7 702 870 42 44.
---	---

«САПА СУ» ЖШС: сапа, сенім, инновацияға негізделген отандық өндіріс



Фотосурет: кәсіпорын өкілінен

(Басы 1-бетте)

Компанияның он жылдан аса уақытқа созылған даму жолы өндірістік әлеуетті нығайту, жаңа технологияларды енгізу, өнім түрлерін көбейту және қазақстандық қамтуды дамыту бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесін көрсетеді.

Еске сала кетсек, «Сапа Су» ЖШС 2014 жылы құрылған. Компанияның құрылуы Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы жағдайында сапалы әрі қолжетімді құрылыс материалдарына деген сұраныстың артуымен тікелей байланысты болды.

Компания алғашқы күннен бастап өндірісте инновациялық технологияларды қолдануға, халықаралық тәжірибені енгізуге және өнім сапасын үздіксіз жетілдіруге басымдық берді.

Компания тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі 2015 жылы алғашқы өндірістік зауыттың пайдалануға берілуі болды. Осы арқылы кәсіпорын темірбетон бұйымдарын, соның ішінде темірбетон құбырларын, құдықтарды, инженерлік желілерге арналған басқа да өнімдерді өз күшімен өндіруге мүмкіндік алды.

Зауыт Германияда шығарылған заманауи өндірістік жабдықтармен жабдықталған. Соның арқасында өндіріс көлемі едәуір ұлғайып, шығарылатын өнімнің сапасы халықаралық талаптарға сәйкес деңгейге көтерілді.

Компания сыртқы жеткізушілерге тәуелділікті азайтып, Қазақстанның құрылыс және инфрақұрылым саласындағы маңызды жобаларын сапалы өніммен қамтамасыз ете бастады.

Ал 2016 жылы «Сапа Су» компаниясы елордадағы инженерлік инфрақұрылым құрылысына белсенді араласты. Сондай-ақ 25-тен аса инженерлік желі құрылысы жобасына қатысты. Олардың қатарында халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындық аясындағы аса маңызды нысандар болды.

Компания су құбыры желілерін, кәріз жүйелерін, су бұру инфрақұрылымын, басқа да инженерлік коммуникацияларды салу жұмыстарына қатысты. Бұл жобалар кәсіпорынның кәсіби әлеуетін көрсетіп қана қоймай, оны мемлекеттік және жеке сектордағы сенімді серіктес ретінде танытты.

2017 жылы компания өндірістік жабдықтарды кең көлемде жаңғырту жұмыстарын жүргізді. Әсіресе темірбетон құбырларын өндіретін желілер толықтай жетілдірілді.

Жаңғырту нәтижесінде өнімнің дәлдігі артты, пайдалану мерзімі ұзартылды, беріктігі күшейді, еуропалық сапа стандарттарына сәйкес жаңа буындағы өнімдер шығарыла бастады. Бұл жаңалық кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, жаңа ірі келісімшарттарға жол ашты.

2019 жылы компания Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі қызметін кеңейту мақсатында Шымкент қаласында жаңа филиалын ашты. Бұл қадам логистиканы оңтайландыруға, оңтүстік өңірдегі тапсырыс берушілерге жедел қызмет көрсетуге, өндірістік және қоймалық мүмкіндіктерді арттыруға мүмкіндік берді. Филиал өндірістік алаң ғана емес, сонымен бірге компанияның өңірлік кеңсесіне айналды. Нәтижесінде «Сапа Су» оңтүстік Қазақстандағы суару және мелиорациялық жүйелер нарығындағы позициясын айтарлықтай нығайтты.

2021 жылы кәсіпорын технологиялық жаңғырудың келесі кезеңіне өтті. Алдымен футеровкалы темірбетон құбырларын өндіруді іске қосты. Бұл өнімнің басты ерекшеліктері – химиялық әсерлерге төзімділігі, механикалық зақымдануға беріктігі, коррозияға қарсы қорғанысы, ұзақ пайдалану мерзімі.

Аталған құбырлар әсіресе агрессивті орта кездесетін шаруашылық-тұрмыстық кәріз жүйелерінде кеңінен қолданылады. Жаңа технология компания өнімдерінің ассортиментін кеңейтіп, жаңа нарықтарға шығуына мүмкіндік берді.

Компания тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі 2022 жылы болды. Атап айтқанда, «Сапа Су» президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен салтанатты рәсімде «Қазақстанның үздік тауары» байқауында «Өндірістік мақсаттағы үздік тауар» номинациясының жеңімпазы атанды.

Бұл марапат өнім сапасының жоғары деңгейін, отандық өнеркәсіпке қосқан үлесін, инновациялық даму бағытын, мемлекет тарапынан көрсетілген сенімді дәлелдеді.

2023 жылы компания өндіріс аясын тағы да кеңейтті. Сол сәте нарыққа бетон су бұру науалары, микротоннельдік құбырлар сияқты жаңа өнімдер ұсынылды. Бұл өнімдер күрделі инженерлік инфрақұрылымдарда, жол құрылысында, коммуналдық жүйелерде, өндірістік нысандарда кеңінен қолданылады. Сонымен қатар құбырлар мен құдықтар өндіретін желілер жаңартылып, өндірістік қуат пен өнім түрлері ұлғайтылды. Ал компания үшін инновация мен технологиялық жаңару бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі факторы болып қала берді.

2024 жыл компания тарихындағы жаңа белеске айналды. Алғаш рет ҚР Ғылым қорының ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға арналған грантын жеңіп алды. Бұл грант ғылыми жобаларды жүзеге асыруға, жаңа технологияларды өндіріске енгізуге, жаңа өнім түрлерін әзірлеуге, қолданыстағы технологияларды жетілдіруге мүмкіндік берді.

Сол жылы компания алғаш рет темірбетон құбырларын Өзбекстан Республикасына экспорттады. Бұл оқиға кәсіпорынның халықаралық нарыққа шығуының маңызды кезеңіне айналды. Өнімдердің халықаралық сапа стандарттарына сәйкестігі олардың сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеп, жаңа экспорттық бағыт-

тарды игеруге жол ашты.

Бастысы, «Сапа Су» ЖШС жыл сайын өз өнімдеріне Қазақстандық қамту сертификатын алады. Өйткені компания өндірістік қызметін жоғары сапалы өнім шығару, Германияның жоғары технологиялық жабдықтарын пайдалану, қысқа мерзімде өндіріс жүргізу, бәсекеге қабілетті баға ұсыну сияқты бірнеше негізгі қағидатқа негіздейді.

Компания үшін серіктестермен ұзақ мерзімді өзара сенімге негізделген ынтымақтастық та ерекше маңызға ие. Халықаралық ISO 9001:2016 сапа менеджменті стандартының талаптарына сәйкес жұмыс істейді.

ҚЫСҚА-НУСҚА

Кәсіпорын директоры: Бауыржан Асылханұлы Мамбетжанов.

Инвестиция көлемі: 1 миллиард теңге, оның ішінде қарыз қаражаты да бар.

Өндірістік база:

жалпы аумағы – 8,276 гектар;

Германияда шығарылған Atlas 200/250, SMS, MBK, Variant-400, Multicast 200/250 жабдықтарымен қамтамасыз етілген.


Негізгі өнім түрі (ЭҚЖЖ 23611): темірбетон қысымсыз құбырлары.

Орташа жалақы мөлшері: 100-140 мың теңге.

Жылдық өндірістік қуаты: 25 мың тонна.

Қызметкерлер саны: 70 адам.

Мақпал ӘБДІКӘРІМ



Фотосурет: кәсіпорын өкілінен

ЖАСТАР КІТАПТАН АЛЫСТАП БАРАДЫ

Кезінде кітап адамзаттың ең сенімді серігі, ақылдың азығы, руханияттың қайнар көзі саналды. Кітап оқитын ұрпақтың ой-өрісі кең, дүниетанымы терең болады деген түсінік қоғамда берік қалыптасқан еді. Алайда бүгінгі цифрлық дәуірде бұл құндылықтың қадірі кеміп бара жатқандай әсер қалдырады.



Фотосурет: автордан

Қазір жастардың басым бөлігі бос уақытын әлеуметтік желілерде өткізеді. Бірнеше секундтық бейнероликтер мен қысқа ақпараттарға үйренген жас буынның кітап оқуға деген қызығушылығы төмендеп барады. Смартфон мен интернет адамның уақытын ғана емес, назарын да өзіне баурап алған.

Кітап оқу – жай ғана ақпарат алу емес, адамның ойлау қабілетін дамытып, сөздік қорын байытады, қиялын ұштайды. Кітаппен дос болған адам өмірдің түрлі құбылыстарына сын көзбен қарай алады. Ал кітаптан алыстаған қоғамның рухани әлемі жұтандануы мүмкін.

Бүгінгі күні жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру – маңызды міндеттердің бірі. Мектептерде, кітапханаларда және қоғамдық орындарда оқу мәдениетін насихаттау қажет. Өйткені технология қанша дамығанмен, кітаптың орнын ешбір құрылғы толықтай алмастыра алмайды.

Ұлттың болашағы – білімді жастардың қолында. Ал білімнің бастауы кітапта жатыр. Сондықтан кітапты серік еткен ұрпақ қана елдің ертеңін жарқын ете алады.

Нұрай ТИМУРҚЫЗЫ

Жыл сайын жаз айларында ұйымдастырылатын мұғалімдер арасындағы дәстүрлі облыстық «Мұғалім-2026» спартакиадасы биыл Қатаркөл ауылы «Жоғары ветеринария және биотехнология колледжінің» базасында өткізілді.

ҚОСШЫЛЫҚ КОМАНДА ӨНІРЛІК СПАРТАКИАДАДА ТОП ЖАРДЫ



Фотосурет: автордан

Қосшы қаласының құрама командасы белсенді қатысып, волейболдан командамыз жүлделі 1-орынға ие болды. Атап айтқанда, №3 мектеп лицейінен Аслан Избасты, Бақытжан Шнөмбаев, Тайтөбе ауылынан Дидар Мұсабек, №2 ЖОБ-БМ мұғалімі Әділбек Шедербек, №1 ЖОББМ мұғалімі Арай Әлім, мектеп гимназия мұғалімі Динара Құрбанова марапатқа ие болды.

Теннис сайысында топ жарып, Тайтөбе ауылы ЖОББМ мұғалімі Ербол Әмірхамзин және ІТ мектеп лицейінің мұғалімі Бакзада Байжан жүлделі 1-орынға ие болып, тоғызқұмалақ ойынынан Тайтөбе ауылы ЖОББМ өкілдері Самал Исакова және Фараби Қуандық 1-орын алды.

Бесасық ойынынан Жанерке Ботабаева

6-орынды, сонымен қатар дартс ойынынан Қанат Ахметов және Бауыржан Қамиев 3-орынды иеленді. Жалпыкомандалық есепте осы құрам 3-орынды қанжығасына байлады.

Дәстүрлі «Мұғалім-2026» спартакиадасына 4 жылдан аса уақыт қатысып жүрген Қосшы қаласының командасы жеткен жетістіктері үшін 4 күндік спорт мерекесін ұйымдастырған Ақмола облыстық Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы ұйымының төрағасы Б. Абдрахманов мырзаға зор ризашылық білдіреді.

Бауыржан ҚАМИЕВ,
Қосшы қаласы бойынша
кәсіподақ төрағасы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ САПАР

Фотосурет: Ардагерлер кеңесі



Республикалық Ардагерлер кеңесінің «Үш ұрпақтың сабақтастығы» және «Ұлттық құндылықтар» жобалары аясында Қосшы қаласының Ардагерлер кеңесі Баянауыл өңіріне этномәдени-танымдық сапар ұйымдастырды. Делегация құрамында 23 ардагер болды. Тағылымды сапар Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, Баянауылдың тумасы Қошкө Мемгеровтің туғанына 130 жыл толуына арналды.

Сапарға қайраткердің Қосшы қаласында тұратын немересі Ризабек Мемгеров те отбасымен бірге қатысты. Баянауыл жұртшылығы қонақтарды үлкен ықыласпен қарсы алды.

Ардагерлер алдымен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесіне барып, баба рухына тағзым етіп, құран бағыштады. Кейін мұражайын аралап, құрбандық шалып, қазақы дәстүрмен жайылған ақ дастарқаннан дәм татты.

Сапардың маңызды бөлігі Баянауыл аудандық мәдениет үйінде өткен концерт болды. Қосшы қаласының ардагерлерінен құралған екі ансамбль Жаяу Мұсаның әйгілі «Ақ сиса» әнімен басталған 1,5 сағаттық концерттік бағдарламасын ұсынып, халық әндері мен ұлттық нақыштағы шығармаларды орындады. Көрермен өнерпаздарды ыстық ықыласпен қарсы алып, ұзақ қол соқты.

Сапардың екінші күні делега-

ция аудан орталығында болып, аудан әкімінің орынбасары Альмира Аманқызы және аудандық Ардагерлер кеңесінің өкілдерімен кездесті. Сонымен қатар Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шәкен Айманов мұражайларын аралап, қазақтың біртуар тұлғаларының өмірі мен еңбектерімен танысты. Жасыбай көлінің көркем табиғатын тамашалап, Баянауыл халқының кең пейілі мен қонақжайлығына ерекше риза болды.

Бұл сапар ұлттық құндылықтарды ұлықтап, тарихи мұраны насихаттаумен қатар, екі аймақ ардагерлерінің арасындағы достық пен рухани байланысты нығайтқан тағылымды кездесу болды. Оған Баянауылдың тумасы, бүгінде Қосшы қаласындағы Ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Есіл-Нұра» ақсақалдар ансамблінің белді мүшесі болып отырған Жабай Мұсабаев ақсақал мұрындық болған.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН

Қосшы қаласында балалардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастыру және олардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биылғы жазғы кезеңде мыңдаған оқушыны қамтитын сауықтыру, танымдық және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, әлеуметтік осал санаттағы балаларға ерекше көңіл бөлінді.

Қазір қалада 8 мектеп жұмыс істейді. Оның ішінде 7 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп және 1 жекеменшік білім беру ұйымы бар. Жалпы оқушылар саны – 13 344.

Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында қаладағы 7 мектеп базасында бастауыш сынып оқушыларына арналған мектеп жанындағы лагерьлер жұмысын бастады. Жалпы 1-4 сыныптардағы 5 700 оқушы жазғы лагерьмен қамтылып, бұл осы санаттағы балалардың 94 пайызын қамтыды.

Маусым айында мектеп жанындағы лагерьлердің 3 жазғы маусымы ұйымдастырылып, оған 2 346 оқушы қатысты.

5-10 сынып оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыруға да ерекше назар аударылған. Жалпы, 5 070 оқушының немесе 94 пайызының бос уақыты түрлі бағыттағы жобалар арқылы қамтылды.

Олардың ішінде:

- киіз үй лагерьлерінде – 1050 оқушы;
- шатыр лагерьлерінде – 1900 оқушы;
- қосымша білім беру ұйымдары мен үйірмелерде – 1 137 оқушы;
- ата-аналар қаражаты есебінен демалғандар – 282 оқушы;
- кәсіподақ қаражаты есебінен – 10 оқушы;
- көгалдандыру бригадаларында еңбек еткендер – 100 оқушы;

- «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша еңбек жасағы құрамында – 100 оқушы;

- ата-аналардың келісімімен «Жасыл аймақ» бағдарламасына қатысқан – 100 оқушы.

Жаз мезгілінде мектеп белсенділері, спортшылар, дебат клубтарының мүшелері, сондай-ақ мектепшілік есепте тұрған балалар «Звездный-Бурабай», «Жұлдыз» және «Балдәурен-Бурабай» балаларды сауықтыру лагерлерінде демалу мүмкіндігіне ие болды.

Жалпы білім беру қоры есебінен қала мектептерінен 125 балаға 10 миллион 300 мың теңге көлемінде қаражат бөлініп, қала сыртындағы сауықтыру орталықтарына жолдамалар сатып алынды.

Жолдамалар мына лагерьлерге берілді:

№1 жалпы орта білім беретін мектеп – «Чайка» балалар сауықтыру орталығына 10 оқушы (1 200 000 теңге);

№2 жалпы орта білім беретін мектеп – «Чайка» орталығына 20 оқушы (2 400 000 теңге);

ІТ мектеп-лицейі – «Парус» сауықтыру кешеніне 20 оқушы (2 000 000 теңге);

Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі – «Чайка» орталығына 10 оқушы (1 200 000 теңге);

№4 жалпы орта білім беретін мектеп – жеке кәсіпкер Нұрмұқанованың сауықтыру лагеріне 20 оқушы (1 900



Фотосурет: Билал Бейт

000 теңге);

№3 жалпы орта білім беретін мектеп – «Эдельвейс Бурабай» лагеріне 15 оқушы (1 670 000 теңге);

мектеп-гимназия – «Парус» сауықтыру кешеніне 30 оқушы (4 000 000 теңге).

Бұдан бөлек, «Жаздық жолдама» жобасы аясында №1 жалпы орта білім беретін мектептің 1 оқушысы «Бурабай Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына жолдама алды. Ал 1-21 маусым аралығында 11 оқушы «Қозғалыс формасы» бағдарламасы бойынша «Балдәурен-Қонаев» балаларды сауықтыру лагерінде демалды.

Жазғы демалысты ұйымдастыру кезінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларды қамтуға басымдық берілді. Атап айтқанда, әлеуметтік осал топтағы 193 оқушы, көпбалалы отбасы-

лардан шыққан 520 оқушы, қолайсыз отбасылардан шыққан 2 оқушы жазғы демалыс шараларымен қамтылды. Сонымен қатар ерекше бақылауға алынған балалардың қатарында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 31 көмекке толмаған, Қосшы қаласы полиция бөлімінің есебінде тұрған 3 көмекке толмаған, мектепшілік есепте тұрған 37 оқушы бар.

Жазғы демалыс кезеңіндегі негізгі міндеттердің бірі – балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы бағытта қаладағы барлық білім беру ұйымында жыл бойы балалар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, жазатайым оқиғалардың және түрлі қауіптердің алдын алуға бағытталған жүйелі профилак-

тикалық жұмыстар жүргізіледі. Әсіресе су айдындарының жағалауларында, тұрғын үй кешендері аумақтарында түсіндіру шаралары тұрақты ұйымдастырылып келеді. Ата-аналарға қауіпсіздік бойынша жадынамалар таратылып, балалармен және олардың заңды өкілдерімен профилактикалық әңгімелер өткізіледі. Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері жөнінде ақпараттық материалдар тұрақты жарияланып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отыр.



Бетті дайындаған:
Мақпал ӘБДІКӘРІМ
+7 701 855 15 59
t.me/Makpal_kz
miledi_me@inbox.ru

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары
Мақпал ӘБДІКӘРІМ

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархаббат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күші берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Жамбыл Жабаев, 24а

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz